

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS
of the XIX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024
Астана**

УДК 001

ББК 72

G99

«GYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-7697-07-5

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001

ББК 72

G99

ISBN 978-601-7697-07-5

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2024**

ешкімнің күмәні де, дауы да болмақ емес. Құнарлы сөз, құнды ойдың нағыз қоймасы деуге болады» [3, 160]. Асқар Сүлейменовтің драматургиясы – қаламгердің өзіндік қырын, сөз байлығын, ой тереңдігін, жан-жақты жаңаша стилін көрсете білді. Автордың өзіндік тіл оралымы шығармаларының одан әрі көркемдік тұрғысынан дамуына ықпал етті.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Парасат падишасы. Асқар Сүлейменов туралы естелік кітап. – Алматы: Атамұра, 1998. – 336 б.
2. Сүлейменов А. Кек: Драма-диалогтар. Аудармалар. Эсселер. Ой-толғамдар. – Алматы: Өнер, 2001. – 728 б.
3. Рахимов Ә.С. Режиссер шеберлігі. Пьесадан қойылымға дейін. 2-басылым. – Алматы: Лантар Books, 2022. – 273 б.
4. Бөпежанова Ә. Өнер – жеке тәжірибе: Сыни-мәдениеттанушылық кітап. I. – Алматы: «Жібек жолы» баспа үйі, 2007. – 328 б.
5. Бөпежанова Ә. Дүние – имани құбылыс. Эсселер. Әдеби сын мақалалар. Ой-толғамдар. Сұхбаттар. – Алматы, «Өлке», 2001. – 160 б.

ӘОЖ 82.01/09

МОТИВТІҢ ҚАЗІРГІ ӘДЕБИЕТТАНУДАҒЫ ИНТЕРПРЕТАЦИЯСЫ

Қасен Аяужан Толегеновна

8D0214-Әдебиеттану мамандығының докторанты
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Қазақстан: Астана

E-mail: aiauzhan96@mail.ru

Ғылыми жетекші: ф.ғ.к., профессор Қ.М.Байтанасова

Әдебиеттануда мотивке берілген көп анықтамалар бар екені белгілі. Мәтін құрылымында атқаратын қызметі және оқиға қозғалысының тетігі ретінде мотивті анықтау, талдау ерекше маңызды. Мотивтің сипатын анықтау, оның тек динамикалы ғана емес, сол қозғалысқа түрткі болатын себеп екенін түсіндіру бірқатар зерттеулерге арқау болды.

Мәтіндегі мотивті тереңдей қарастыру зерттеу әдістері мен тәсілдерінің қатарын «мотивті тадау» түрімен толықтырды. Мотивті талдау әдісі мәтін құрылымын танытудың басты бағыттарының біріне айналды.

Көне дәуірге тән сөз өнері үлгілерінен заманауи әдебиетке жалғасқан белгілі бір ұғым, таным, әрекет көркемдік кеңістіктегі мотив жүйесін қалыптастырды. Сапарға шығу, қымбат бір мүлікті немесе қасиетті мекенді іздеу, тапсырылған жауапты бір істі орындау, әлдеқайда, белгісіз бір жерде немесе қорқынышты құбыжықтардың, зұлым ниетті жандардың қолында қалып қойған өзіне тиесілі затты қайтару – міне, осы аталғандардың бәрі тұрақты мотивке айналғандар. Олардың қатарын тағы да толықтыра түсуге болады.

Фольклортанушы С.Қасқабасов «Ертегі мен эпостың сюжеттік типологиясы» атты мақаласында мотивті сюжетті құрайтын бөлшек деп қарастырады. Қазақ ертегілеріндегі сюжеттік желілердің қатарында мыналарды атайды: қартайған ата-ана; қаһарманның дүниеге келуі; қалыңдығын іздеп сапарға шығуы; қайын атасының ауылына бөтен біреу болып келуі; қайтадан еліне оралуы. Осы сюжеттердің құрамындағы әр бөлшекті мотив деп қарастырады. Мәселен, бір перзентке зар болған қарт ата-ана мотиві, бас қаһарманның ерекше жағдайда дүниеге келу мотиві. Ғалымның тұжырымы бойынша, мотив – сюжетті түзуші, сюжет – мотивтердің жиынтығы [1, 109].

Ертегі кейіпкерлері баруға мәжбүр болатын бір себеп – қымбат мүлкінің зұлым кейіпкердің қолында қалуы. Бұл – тұрақты мотив. «Ер Төстік» ертегісінде Төстіктің садағының ұшын шығаратын егеуі жалмауыз кемпірдің қолында қалса [2, 19], «Алтын сақа» ертегісіндегі баланың алтын сақасы да Жалмауыз кемпірде [3, 46]. Егеу мен сақаны кемпірге кейіпкерлердің әкелері жандарынан қорқып берген. Екі кейіпкер де сол заттарын қалайда қайтарып алулары керек. Төстік те, бала да жалмауыздың алдында дәрменсіз. Екеуі де жүйрік аттарына сенеді, сөйтіп заттарын ала сала қашып құтылмаққа әрекеттенеді. Бұл аталған қазақ ертегілеріне ортақ мотив-зат (егеу, алтын сақа), мотив-әрекет (тастап кету және қайтарып алу) пен мотив-бейне (бас кейіпкер, олардың әкелері және Жалмауыз кемпір) фольклордың басқа жанрларында басқаша сипатта көрінеді. Сюжет түзуші мотивтер қатарында осы аталған мотивтің үш қызметтік формуласы түрленіп, тұрақты түрде кездесе береді. Қымбат мүлкі, жанына балаған заты бар қаһарманның жаратылысы да ерекше болады. Бұл сарын ертегілерге мифтен ауысқан.

Мотив кез келген шығармаға тән ұғым. Сондықтан да оның табиғаты барлық аспектіде қамтылады. Зерттеушілер И.Жеменей мен Г.Қанашаева мотив туралы тұжырымдарды саралай келе: «Шын мәнінде, мотив болмысы тікелей адам, табиғат пен жаратушының бейнелеушісі. Сондықтан болар мотив ақын мен қаламгердің сезім мен санасының көрсеткіші. Шығармадағы мотивтер арқылы олардың болмыс пен идеяларын біліп тануға мол мүмкіндік бар. Осыған орай мотив терминін терең тану арқылы бір туындының құрылымын, мазмұнын тани отырып, шығарманың қоғамға бере алатын пайдасын, өтімділік пен ұтымдылығына көңіл бөліп, сараптай аламыз», - деген қорытындыға келеді [4, 92].

Көне мәтіндерден жаңа мәтіндерге ауысқан мотивтер жаңа суреттеу, тың бейнелеулермен өзінің көркемдік арнасын кеңейтеді. Біз көне шумерлік Гильгамеш пен түркі дүниесіндегі Қорқыт әрекеттерінен мәңгілік өмірді іздеу, «өлім» ұғымын жоққа шығару мотивін көреміз. Бұл мотив кельт мифологиясындағы өткен шақтың және болашақтың королі делінетін Артурдың тағдырына да қатысты. Тіпті күллі әлем халықтары мифологиясындағы «екінші әлем» туралы мотивтер түгелімен мәңгілік өмір идеясына негізделген. Донның үйі, Аволлон аралы, Елисей алаңы, Аид патшалығы, Иркалла, т.б. түрде пішінделген адам рухы мекендейтін әлем осы мәңгілік өмір мотивінен туындаған бейнелеулер. Ілкі төр, рухтың әу бастағы мекені саналатын мекендердің ортақ сипаты – оларға рух бұ дүниенің бар күнәсінен арылып, тазарып барады. Ол үшін белгілі бір рәсімдер орындалады. Әлем мифологиясына ортақ мұндай мотивтер тек мифтік санада қалып қоймай, поэтикалық кеңістікке ауысты. Көне мәтіннен жаңа мәтіндерге кірген мұндай бөлшектерді мотивті талдаудың бір аспектісімен ғана шектеп қоймай мәтінаралық байланыстар, нарративтілік алаңынан анықтау жаңа ізденістерге жол ашты. Мұндай тәсілдердің қатарында бүгінгі әдебиеттанудағы мотивті талдау концепцияларының бірнеше бағытын атауға болады.

Постструктурализм әдебиетінде мәтіндегі мотивті танытудың жаңашыл тәсілін ұсынған Б.М.Гаспаров негізінен интермәтіндік талдаудың принциптерін басшылыққа алады. Ол М.М.Булгаковтың «Шебер және Маргарита» романындағы мотивтік құрылымды талдағанда аталмыш туындының семантикалық түзілімін анықтайтын және жалпы мағынасын жан-жақты қамтитын «баяндаудың лейтмотивті құрылымы» принципіне сүйенеді [5, 28-82]. Бұл жерде лейтмотивті құрылым туралы айта кетсек, ол – бір мотив пайда болған соң ары қарай бірнеше рет қайталанатын, жай қайталанбай, жаңа нұсқада көрініп, жаңа әрекеттерде, сондай-ақ басқа мотивтермен жаңа байланыстарда пайда болатын құрылым. Әдебиет зерттеушілері тарапынан мотив пен тейтмотив терминдеріне қатысты бірсыпыра анықтамалар ұсынылды. Әдебиеттану аспектісінде бұл екі терминнің ұқсастығы да, айырмашылығы да көп. Мотив – мәтін ішіндегі ең кіші бөлшек. Зерттеуші Н.Л.Зыховскаяның пайымдауынша лейтмотив – бейнелерді байланыстыратын, қайталанып отыратын таңба. «Лейтмотивтер арқылы мотивтің ерекше түрлерін түсіне аламыз, олар: іс-әрекеттің мәтіндік элементтері, эмоциялық белгілер, көңіл күй қалпы, сондай-ақ жалпы құрылымда біріктірілген қоршаған орта», – деп көрсетеді ол [6, 88]. Бұл жерде біз ең бастысы – лейтмотив дегеніміз мәтіндегі қайталанатын мотив екенін естен шығармауымыз керек. Жоғарыда өзіміз келтірген мәңгілік

өмірді іздеу мотиві түрлі сипатта жаңа бейнелеулермен қайталанып, көркемдік танымның лейтмотивіне айналғанын айрықша атап айтуға болады. Бүгінгі әдеби мәтіндердің құрылымына еркін енген бұл мотив адамзаттың гуманистік мұратын танытуда ерекше мәнге ие.

Бірқатар келіспеушіліктерге қарамастан, ғалымдардың жалпы пікірі мотивтің «премәтінді», лейтмотивтің «интрамәтінді» екендігіне байланысты тұста тоғысады. «Осы «мәтінге дейінгі» мағынаға байланысты алғанда «архетип» ұғымы ерекше мәнге ие болады – өйткені мәдени тарихқа терең ену бізді мотивацияның семантикалық мазмұнының «дәні» ретінде дәл осы ұғымға жетелейді», – деп жазады Зыховская [6, 88]. Мифтік санадан поэтикалық санаға ауысқан «мәңгілік өмірді іздеу» мотиві өзінің ұзақ ғұмыры әрі тұрақты қалпымен архетип ұғымына сабақтасады. Ол зерттеуші айтқандай кейінгі мәтіндердегі семантикалық мәннің түп бастауы, яғни архе-мотив болады.

Мотив пен архетип байланысы туралы Е.М. Мелетинский де айтады. Ол «бейне – мотив – архетип» ұғымдарының ұқсастығын анықтай отырып, «архетип белгілі бір құрылымдық схема, бейнелердің құрылымдық алғышарттары, объектіде өзектендірілген психикалық энергияның шоғырланған көрінісі ретінде түсінілді», – деп жазады [7, 10-11]. Архетип – бұл шығарманың өзегінен орын алған микросюжет. Осы функциясымен ол бейнемен де, мотивпен де бірігіп кетеді.

Б.Гаспаровтың айтуынша кез-келген құбылыс, кез-келген семантикалық нышан мотив ретінде қызмет етеді. Мысал ретінде кез келген оқиға, ландшафт, кез-келген зат, айтылған сөз, бояу, дыбыс, түрлі нысандардың бір элементі мотивке қатысты деп санайды [5, 31].

Интермәтінді талдауға тән мотив пен лейтмотивтің тұтасуына назар аударайық. Олардың үйлесімінің басты сипаты – лейтмотив туынды мәтіндегі семантикалық қайталау түрінде көрінеді; ал мотив мәтіннен тыс семантикалық қайталау ретінде анықталады. Интермәтіндік талдау шеңберінде бұл екі ұғым біртұтас идеяға бірігеді. Мәтіннен мәтінге ауысатын мотивтерді интермәтіннің бір белгісі деп сипаттауға да болады. Мәтін құрылымында ол әрі мотив, әрі басқа мәтіндерден енген интермәтін болып шығады. «Ер Төстік» және «Алтын сақа» ертегілеріндегі Жалмауыз кемпірдің қаһармандарды қолына түсіру үшін олардың жанына балаған қымбат бір мүлкін алуы екі ертегі мәтініне де ортақ мотив. Бұл мотивті ғалымдар қауымға үстемдік еткен матриархат дәуірінің оңайлықпен ығыспағанын аңғартатын әрекет деп біледі.

Мотив фабула – сюжет болып қалмай, мәтін – мағына жүйесінде алынғанда оның фабулалық баяндаудағы негізгі бірлік ретінде оқиғамен өзіндік байланысы әлсірейді. Филологиялық тұрғыда мотив мәтіндегі кез-келген семантикалық қайталау ретінде түсіндіріледі. Сондықтан мотив категориясы мәтін категориясымен бірге интермәтінді талдау үшін ерекше маңызды болмақ, бұл пайым мәтін ішіндегі және мәтіндер арасындағы семантикалық байланыстар туралы идеяларға бағытталған.

Мотив өз кезегінде мағыналарды бейнелейді және мәтіндерді біртұтас семантикалық кеңістікке біріктіреді. Бұл мотивті интермәтінділік тұрғысынан талдаудың ең тұрақты әрі жалпылама үлгісі. Б.М.Гаспаров мәтін – «байланыстар тұтасуы», сонымен бірге мәтін «мотивтер шырмауы», мәтіннің ішкі және сыртқы семантикалық байланысын мотив қамтамасыз етеді деп түсіндіреді [5,32]. Ғалымның бұл пайымына эпостардан мысал келтіруге болады. «Алпамыс батыр» жырында қартайғанша перзент сүймеген Байбөрі мен Аналық әулиеден әулиеге түнеп, сол әулиелердің ішінде Баба Түкті шашты Әзіз әулиенің аянымен перзентті болады [8, 73]. Дәл осылай әулиеге түнеп, аян алып, перзентті болу мотиві «Қобыланды батыр» жырына да тән [9, 258-259]. Қар ата-ананың әулиелердің шарапатымен перзентті болу мотиві ертегілер мен эпостардағы тұрақты формула. Формуланың қалыптасуында мотивтің атқарар рөлі ерекше. Ғажайып туу мотиві деген атаумен түсіндірілетін бұл формуланың да архетиптік негізі бар. Ерекше жағдайда дүниеге келу қаһарманның айрықша болмысын әйгілейді. Мысалы, Алпамыстың дүниеге келерін аян етіп тұрған әулиенің айтқаны:

«Менің атым – Шашты Әзіз

Қыламын десең ықылас.
Жарылқады Жаратқан,
Ей, бейшара, көзіңді аш.
Ұлыңның аты – Алпамыс...
Атса мылтық өтпейді,
Шапса қылыш кеспейді –
Қалмақтармен болар қас.
Түрегел де қолың жай,
Болады ұзын өмір жас!» [8, 73].

Мұндай ерекше жаратылыс ертегі қаһармандарына тән. Мифология қаһармандарының айрықша болмысын көне мәтіндерден білеміз. Сол сипаттар фольклор туындыларында жаңғырып, лейтмотивті құрылым түзетінін де айта кеткеніміз жөн. Мотивтің интермәтін тұрғысынан қарастырылуы бірнеше мәтінге тән ортақ белгілерді анықтаса, өзге мәтін кеңістігінен келетін мәтін бөлшегі мотив қызметінің аясын кеңіте түседі.

Б.М.Гаспаров интермәтінді талдаудың экстремалды түрлеріне ерекше мән берді. Оның пайымдауында талдау нысанына алынған мәтін алғашқы бастау ретінде қызмет етеді. Сондықтан теориялық талдауларда мәтіннің бірлігі мен тұтастығы принципі сақталуы тиіс деп білді. Алайда ғалым мәтін туралы структуралистік идеяларды конструктивті тұтастық ретінде бағалап, өз тарапынан мәтіннің тұтастығы принципін өте қарапайым түрде – белгілі бір шекарасы бар құбылыс деп түсіндіреді.

Интермәтіндік және прагматикалық тәсіл шеңберінде мотивтің тақырыптық басталуын түсіндірудің түрлі аспектілері бар.

Мәтінаралық талдау тақырып пен мазмұнның негізгі байланысына ерекше басымдық береді. Бұл барынша өзекті. Жалпылай алғанда тақырып «тұйықталған» мағына болып табылады, бұл нарративтің мағыналық қозғалысының қысқаша мазмұны мен нарративтің дамуы нәтижесінің нақты анықтамасы. Шындығында, біз хабарламаның тақырыптық түйіндемесін тұжырымдамай оның мағынасын ауызша жеткізе алмаймыз. Тақырып – бұл тоқтатылған және ауызша бекітілген мағына. Сондықтан мотив мағынаның семантикалық субстраты ретінде интермәтінді талдау үшін тақырыптан оқшауланбайды.

Мотивті талдаудағы прагматикалық тәсіл тақырыптың мағынасы мен статикасының қатынасын теориялық тұрғыдан игере отырып, тақырыптың коммуникативті аспектісін жаңартады және рема категориясын қатыстырып, оның динамикасын танытады. Прагматика анықтауында рема – тақырыпқа қатысты жаңа нәрсе, бірақ оның өзі коммуникацияның кейінгі даму сатысында тақырыпқа айналады.

Прагматиканың тұжырымдамалық парадигмасы баяндау мотивінің коммуникативті табиғатын түсінуге және мотивтің семантикалық құрылымындағы предикативті ұстанымның, сондай-ақ оның сюжеттік баяндау жүйесіндегі предикативті функциясының шешуші рөлін танытуға көмектеседі.

Мотивті түсінуде прагматикалық және тақырыптық тәсілдің байланыстарына басымдық беру прагматикалық және семантикалық тәсіл арасындағы қатынастардың принциптік сипатын елемей емес. Бұл қарым-қатынас арнайы түсініктемелерсіз-ақ айқын көрінеді. Түптеп келгенде, прагматика коммуникативтілікке бағытталған семантика, өйткені бұл категорияның ең жалпы мағынасында коммуникативті түрде жүзеге асырылатын мағына болады. Мотивті түсінудегі прагматика мен семантиканың байланысы В.И.Тюпаның түсіндіруінде жан-жақты қамтылған [9,52-55]. Мотив семантикасының көркемдік сипаты туралы теориялық тұжырымдар қазіргі уақытта белгілі бір аналитикалық бағыттағы орыс әдебиеттануындағы, оның ішінде Н.Е.Меднис, Т.Е.Печерская, Ю.В.Шатин, Н.Д.Тамарченко, В.Е.Хализев сияқты әдебиет теоретиктерінің еңбектерінде басты орын алады.

Мотивтің баяндау, оқиға мен әрекет, фабула мен сюжет, қаһарман мен кейіпкер, мекеншақ, тақырып, лейтмотив сияқты нарратологиялық ұғымдар мен категориялары жүйесінде талдануы – қазіргі әдебиеттанудың негізгі аспектісі.

Нарратологиялық ауқымда көркем таңба ретінде мотив семиотикалық талдаудың семантикалық, синтактиктік және прагматикалық аспектіде классикалық үштік дәстүріне сай қарастырылады.

Оқиғамен қатар баяндау да нарративті поэтиканың поэтикасының негізгі категориясы болып табылады. Бұл түсінікті қарапайым түрде оқиғаның мазмұндалуымен байланыстырып «оқиғаны баяндау», - деп айтуға болады.

Оқиғаны өзінің қарапайым түсінігінде маңызды көзқарасты анықтау үшін нақты ситуацияның өзгерісімен қиюластыруға болады. Нарративте оқиға түпкілікті қалыптасады, қолма-қол туындайтын оқиға ережеге сәйкес айтылып қойған түрде көрінеді, ал оған сәйкес көзқарас кейіпкердің немесе баяндаушының бүкіл позициясының мағынасымен байланысты, сондай-ақ автор мен оқырманның да позициясымен сәйкес келеді.

Жинақтай айтқанда, мотивті талдау қазіргі әдебиеттануда түрлі тәсілдермен жүзеге асырылып, жаңа тұжырымдардың тууына негіз болуда. Мотивтің лейтмотивтік құрылымды тудыруы, постмодернизм әдебиетінде интермәтін тұрғысынан мәтін ішіндегі өзге мәтін бөлшегі ретінде танылуы, символ әрі таңба ретіндегі семиотикалық интерпретациясы, сюжеттік байланысты жүйелеуі қазіргі әдебиеттанудың өзекті әрі жаңашыл бағыттарына жол ашуда.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қасқабасов С. Таңдамалы. 2-том. Астана: «Фолиант», 2014. – 344 с.
2. Бабалар сөзі: Жүз томдық. Т. 75: Батырлық ертегілер. Астана: «Фолиант», 2011. – 472 б.
3. Бабалар сөзі: Жүз томдық. Т. 74: Қиял-ғажайып ертегілер. Астана: «Фолиант», 2011. – 472 б.
4. Жеменей И., Қанашаева Г. Әдебиеттегі мотив: таным мен пайым// ҚазҰУ Хабаршысы. Шығыстану сериясы. №2(89) 2019. Б. 89-96.
5. Гаспаров Б.М. Литературные лейтмотивы. Очерки по русской литературе XX века. Москва: Наука. Издательская фирма «Восточная литература», 1993. – 304 с.
6. Зыховская Н.Л. [Лейтмотив в ряду других общесемиотических концептов](#) // Вестник Челябинского университета. №1, 2000. Стр 87-96.
7. Мелетинский Е. М. О литературных архетипах / Москва: Российский государственный гуманитарный университет, 1994. –136 с. (Чтения по истории и теории культуры. Вып. 4).
8. Бабалар сөзі: Жүз томдық. Т. 34: Батырлар жыры. Астана: «Фолиант», 2006. – 384 б.
9. Бабалар сөзі: Жүз томдық. Т. 35: Батырлар жыры. Астана: «Фолиант», 2006. – 392 б.
10. Тюпа В.И. Тезисы к проекту словаря мотивов // Дискурс. №2'96. Новосибирск, 1996. С.52-55.

ӘОЖ 808.1

«ҚЫЗ ЖІБЕК» ФИЛЬМІНДЕГІ САЛТ-ДӘСТҮР ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ

Койшугулова Мариям Нуртаевна
mariamo4kaa777@gmail.com

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті қазақ тілі және әдебиет
мұғалімі мамандығының I курс студенті
Ғылыми жетекші: PhD, доцент м.а. Г.С.Касбаева

Мәдениет – адамның өз қолымен, ақыл-ойымен жасағандары және жасап жатқандарының бәрін түгел қамтиды. Мәдениет пен салт-дәстүр бір-бірімен тығыз қарым-қатынаста. Өмірде олар бір-бірін толықтырып, өскелен ұрпаққа үлкен тәрбиелік бағыт береді. Қазақ әдебиетінде кең ауқымды мағыналық шығармалар бар. Соның қатарынан «Қыз Жібек» шығармасын қарастырғым келеді. Бұл шығармаға арқау болған екі жастың және ауыл өміріне байланысты тіпті фильм түсірілген. Режиссер Сұлтанмахмет Қожықов бұл фильмде қазақ халқының тағдырын ғана түсірмей, сонымен ел-жұртты бірлікке шақырып, қазақ халқының әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрін көрсетуге ұмтылды. Әр сюжет өзінің ерекше көрінісімен